

**Қайырымдылық көмек көрсету үшін жобалар мен
бағдарламаларды іріктеу критерийлері**

Іріктеу рәсімі

I. Бастапқы скрининг:

Бұл кезең әр өтінімнің жарамдылығы мен сәйкестігін тексеруден тұрады. Осы критерийлерге сәйкес келмейтін өтінімдер кейінгі іріктеу кезінде назарға алынбайтын болады. Іріктеу критерийлері өтінім нысанының соңында бақылау тізімі түрінде жарияланады. Комиссия осы кезеңде бағдарламаның мақсаттарына анық сәйкес келмейтін жобаларды бағаламауға және оларды мүмкіндігінше неғұрлым бейімделген бағдарламаға ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.

Осы іріктеу негізінде жобалар сәйкес немесе сәйкес емес болып жіктеледі. «Сәйкес емес» жобалар сәйкессіздіктің себептері көрсетілген хат алады.

II. Сапалы бағалау:

Жобалар сәйкесінше мынадай техникалық критерийлер негізінде бағаланады:

- Жобаларды техникалық бағалауды айқындау үшін пайдаланылатын сандық көрсеткіштер ақпараттық нұсқаулықта жарияланған;
- Әр жоба екі түрлі сарапшылармен бағаланады. Олар қажетті біліктіліктің болуына кепілдік беретін сарапшылардың кең ауқымынан іріктеледі;
- Екі сарапшы да консультациядан кейін жобаға техникалық баға береді, сарапшылар арасында қайшылық болған жағдайда (10% - дан астам) төрелік үшін үшінші сарапшы тартылады;

-

Техникалық бағалаудан кейін бағдарлама Кураторы әрбір жоба бойынша жиынтық есеп жасайды, оған түйіндеме, алынған баға, сарапшылардың мәлімдемесі, қажет болған жағдайда үшінші сарапшының бағалауы мен түсініктемелер кіреді.

9 тармақтан төмен жобалар қаржыландыруға қабылданбайтын болып саналады. **9 тармақтан** асатын жобалар ұсынылатын деп саналады. Содан кейін жиынтық парақтар Сараптау комитетіне және Қор Басқармасына кеңес басталғанға дейін **10 күннен** кешіктірілмей түсініктемелер беру үшін жіберіледі;

Ш. Сараптау комитеті

Бағдарлама Кураторының рөлі бар бюджет шеңберінде қаржыландыру үшін Сараптау комитетіне ұсынылатын жобалардың тізбесін жасау болып табылады.

Сараптау комитетінің отырысын өткізу кезінде әртүрлі өлшемдер бойынша 9 тармақтан артық жинаған жобалар қаралады.

Бұл жобаларды жіктеу сарапшылардың техникалық бағалары мен түсініктемелері негізінде Сараптау комитетіне ұсынылады:

А жобасы: өте жақсы жоба - қаржыландыру үшін ұсынылады;

В жобасы: сәтті жоба - белгілі бір жағдайларда (мысалы, бюджетке өзгерістер енгізу, қосымша ақпарат және т. б.) қаржыландыру үшін ұсынылады;

С жобасы: қызықты жоба, бірақ оны қарастыру үшін тым сенімсіз;

Бұл критерийлер кемсітушілік болып табылмайды. Олар Сараптау комитетінің мүшелеріне бірдей сапалы жобалар арасында таңдау жасауға көмектесуі тиіс.

Бюджеттік шектеулерді ескере отырып, іріктеуге түпкілікті ұсыныс А және В санаттарындағы жобалар арасында жасалады.

Осы негіздер бойынша таңдалған жобалардың тізімі иерархияға бекітуге жіберіледі.

Бекітілгеннен кейін іріктеу нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабарланады. Бұл ақпараттық хат жобаның техникалық кемшіліктерінің қысқаша сипаттамасымен бірге жүреді. Ұйымдар әрдайым қосымша ақпарат алу үшін Техникалық көмек бөлімімен байланысу мүмкіндігіне ие.

Ескерту: Рәсім барлық техникалық негізделген жобаларды бюджеттік шектеулерге байланысты қаржыландыруға болмайтындығымен негізделген (орта есеппен алынған жобалардың 10% қаржыландырылады).

«Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры іске асыратын әлеуметтік бағдарламаларды бағалау критерийлері

Өзектілік Қазіргі уақытта әлеуметтік бағдарламаның маңыздылығы мен уақытылылығы	1 - сұраныстың төмен деңгейі	2 – сұраныстың орташа деңгейі	3 – сұраныстың жоғары деңгейі
Дәлелділік Әлеуметтік бағдарламаның әлеуметтік пайдасы туралы бірнеше фактілермен уәжділігі	1 – аз дәлелденген	2 – орташа дәлелденген	3 – жеткілікті дәлелденген
Экономикалық негіздеме Бағдарламаның тиімділігі мен іске асырылуы. Сонымен қатар, экономикалық әлеуетке оң әсер етуі мүмкін	1 – аз негізделген	2 – орташа негізделген	3 – толық негізделген
Өмірге қабілеттік Бірқатар қауіп факторларын жеңеді, жағымсыз жағдайлардың алдын алумен сәтті жүзеге асырылады	1 – тұрақтылықтың төмен деңгейі	2 – тұрақтылықтың орташа деңгейі	3 – тұрақтылықтың жоғары деңгейі
Қоғамдық маңызы әлеуметтік бағдарламаның қоғамдағы істердің барысына әсер ету қабілеті	1 – әсер етудің төмен деңгейі	2 – әсер етудің орташа деңгейі	3 – әсер етудің жоғары деңгейі
Портфолиосының болуы Сипаттамасымен бірге бұрын орындалған жұмыстар тізімі	1 – бұрын орындалған жұмыстардың аз саны	2 – бұрын орындалған жұмыстардың орташа саны	3 – бұрын орындалған жұмыстардың жеткілікті саны
Таныстырылымдардың болуы Әлеуметтік бағдарламаның негізгі мағыналарын көрсету	1 – маңызды сәттердің толық емес көрсетілімі	2 – жартылай кеңейтілген көрсетілім	3 – барлық негізгі фактілер көрсетілді
Іс-әрекеттер жоспарының болуы Бағдарламаны іске асыру үшін егжей-тегжейлі құрылымдалған жоспар	1 – толық емес жоспар	2 – ішінара жоспар	3 – толық жоспар
Тираждау қабілеті Әлеуметтік бағдарламаны тарату мүмкіндігі. Сонымен қатар, мамандар командасының және тираждау тәжірибесінің болуы	1 – аз қабілетті	2 – жартылай қабілетті	3 – толық қабілетті

--

Әлеуметтік жобалар конкурсына қатысуға

Өтінім

1.1. Бағдарламаның атауы			
1.2. Жобаның атауы			
1.3. Өтінішкер-ұйым			
1.4. Интернет желісіндегі жоба туралы ақпарат			
1.5. Заңды мекенжайы			
1.6. Нақты мекенжайы			
Телефон\факс (+ қаланың коды)		E-mail:	
Өтінішкер-ұйым басшысы			
Телефон\факс (+қаланың коды)		E-mail:	
Жобаның жетекшісі			
Телефон\факс (+қаланың коды)		E-mail:	
Банктік деректемелер			
Компанияның атауы:			
Компанияның БСН			
Компанияның есептік шотының (ЖСК) нөмірі			
КБе			
Компания банкінің атауы			
Банктің БСК			

_____ (ұйым басшысының қолы)

(ұйым басшысының лауазымы және Т.А.Ә.)

М.О.

_____ (жоба жетекшісінің қолы)

(жоба жетекшісінің Т.А.Ә.)

Ұйым туралы:

1. Ұйымның, бөлімшенің құрылымы

Ұйымның (оның құрылымының) құрамына не кіреді

2. Басқарушы құрылым жүйесі, басқарманың функциялары

Басты басқару органы, Бас атқарушы орган және Бас бақылау органы не болып табылады

3. Ұйымның жұмыс тәжірибесі

Бұрын жүргізілген жұмыстарды тізімдеу

4. Негізгі жетістіктер

Негізгі жетістіктер туралы қысқаша

Жоба туралы:

1. Жоба аннотациясы

Жобаның мазмұнын қысқаша сипаттаңыз, әр бөлім үшін 1-2 сөйлем: жобаны кім орындайды, неге және кімге бұл қызмет қажет, мақсат пен міндеттері қандай, жоба қалай орындалады, нәтижесінде не болады, ол қанша уақытқа созылады. Бұл сипаттама интернет желісінде орналастырылады, соған қарап жобаны сарапшылар бағалайтын болады.

2. Жобаның қажеттілігі

Бұл жоба не үшін қажет және ол қандай мәселені шешетін болады

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері

Сипаттау қажет: таңдалған мәселені шешу үшін жоба командасы алдына қандай мақсаттар қояды және қойылған мақсатқа жету үшін қандай міндеттерді шешу қажет болады.

4. Негізгі іс-шаралар

Бұл бөлімде сипатталады: жобаның мақсаттары мен міндеттері қалай жүзеге асырылатын болады, іс-әрекеттерді кім жүзеге асырады, қандай ресурстар пайдаланылады және т. б.. Бұл өтінімнің ең көлемді және егжей-тегжейлі бөлімдерінің бірі.

5. Жұмыстың жоспары

Келесі ақпаратты көрсете отырып, жобаның жоспар-кестесін ұсыну қажет: не болады және қашан болады, нәтижесінде не жасалады (сандық және сапалық көрсеткіштерді көрсете отырып) және осы қызметтің нәтижелері кімге бағытталады. Төменде көрсетілген кестені пайдалануды ұсынамыз.

Күні	Іс-шаралар	Нәтижелер

Жобаның ұзақтығы	айлар саны			
	Жобаның басталуы	xx/xx/xx	Жобаның аяқталуы	xx/xx/xx
Сұратылған сома				
теңгемен	санмен		жазбаша	
Бар сома				
теңгемен	санмен		жазбаша	
Жобаның толық құны				
теңгемен	санмен		жазбаша	

6. Күтілетін нәтижелер

Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін Сіз қандай нәтиже күтетіндігіңізді сипаттаңыз.

7. Жобаны одан әрі дамыту

Осы жобаның жетістіктерін сақтау және кеңейту қалай көзделетінін көрсетіңіз (гранттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жоба бойынша жұмыстарды жалғастыру көздеме).

8. Бюджет, бюджетке берілетін түсініктемелер

Жобаның толық құны. Бюджет жеткілікті түрде егжей-тегжейлі жасалып, жоба бойынша барлық қажетті шығындардың есебін қамтуы тиіс.

Бюджеттік баптардың ықтимал құрамы

Әрбір нақты жағдайда бюджетке жоба бойынша талап етілетін шығыстардың баптары енгізіледі, яғни төменде келтірілген баптардың кейбірі бюджетке енбеуі мүмкін, сондай-ақ жаңалары қосылуы мүмкін.

Сметадан кейін бюджет баптары бойынша шығыстардың қажеттілігін негіздей отырып, **бюджетке толық түсініктемелер** ұсыну қажет.

ЖОБАНЫҢ БЮДЖЕТІ

8.1. Жиынтық смета

Шығыс бабы	Сұратылған сома, (теңгемен)	Басқа көздерден салым, (теңгемен)	Барлығы, (теңгемен)
------------	--------------------------------	--------------------------------------	------------------------

8.2. Түсіндірмелер мен түсініктемелер бар егжей-тегжейлі смета. Бюджеттік баптардың ықтимал құрамы

	Сұратылған сома, (теңгемен)	Басқа көздерден салым, (теңгемен)	Барлығы, (теңгемен)
Жиыны:			

ЖОБА БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖИЫНЫ:

Жобаның жалпы құны:

Басқа көздерден салым:

Сұратылған сома:

Бюджетке берілген түсініктемелер: бюджет баптары бойынша шығыстардың қажеттілігін негіздей отырып

9. Жобаның серіктестері

Сіздің жобаңызды қолдайтын ұйымдарды, жеке тұлғаларды тізімдеңіз. Жобаны іске асыруға олардың нақты үлесін көрсетіңіз.

Серіктес ұйымның атауы (жеке тұлғаның Т.А.Ә.)	Жобаға қалай қатысады?

_____ (ұйым басшысының қолы)

(ұйым басшысының лауазымы және Т.А.Ә.)

М.О.

_____ (жоба жетекшісінің қолы)

(жоба жетекшісінің Т.А.Ә.)

